

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КОНТЕКСІНДЕГІ
ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУДІҢ
ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ**

халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
материалдар жинағы
25 сәуір 2023 жыл

**СТРАНЫ ВОСТОКА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННЫХ
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ: ПРОБЛЕМЫ И НОВЫЕ
ПОДХОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ**

сборник материалов
международной научно-практической конференции
25 апреля 2023 г.

collection of materials
international scientific and practical conference
**THE COUNTRIES OF THE EAST IN THE CONTEXT OF
MODERN INTERNATIONAL RELATIONS: PROBLEMS AND
NEW REQUIREMENTS FOR RESEARCH**

25 April, 2023

НҮР-СҰЛТАН
2023

УДК 327
ББК 66.4
Қ22

Ұйымдастыру комитеті

Төраға:

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ басқарма төрағасы-ректор

Төрағаның орынбасарлары:

Мақыш С.Б., Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор
Құрманғалиева Ж.Д., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерцияландыру және
интернационалдандыру жөніндегі проректор

Мүшелері:

Қосыбаев М.М., Калиева А.Б., Биримкулова Г.У., Тулеубаева С.А., Әлібекұлы А.

Құрастырған: Әлібекұлы А.

Қазіргі халықаралық қатынастар контексіндегі шығыс елдері: проблемалары және зерттеудің жаңа талаптары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы – Нұр-Сұлтан, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 112 бет.

ISBN 978-601-337-866-4

Бұл жинаққа қазіргі шығыс елдерін зерттеудің теориясы мен методологиясын, Таяу Шығыс, Шығыс Азия, Оңтүстік Азия және Орталық Азиядағы аймақтық мәселелерді, шығыс елдерінің тарихын, мәдениетін, тілін, әдебиетін, экономикасын, әлеуметтік жағдайларын қарастырған ғалымдардың, докторанттар мен магистранттардың мақалалары енгізілді.

Жинақты шығыс елдерінің дамуы мен рухани құндылықтарына қызығушылық танытқан шығыстанушылар, аймақтанушылар, филологтар және тарихшылар ғылыми-ізденіс жұмыстары барысында қолдана алады.

Мақалалар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-337-866-4

**УДК 327
ББК 66.4**



© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

8. Валентей, Д.И. Теория и политика народонаселения / Д.И. Валентей. -М.:Высшая школа, 2015.-184с.
9. Верещагина, А. В. Демография / А.В. Верещагина. - М.: Дашков и Ко, Наука-Спектр, 2018.-256с.
10. Глушкова, Глушкова под ред. В.Г. ред. Демография. Учебное пособие / Глушкова Глушкова под ред. под, Симагин Симагин под Ю.А. ред. под, др.. - М.: КноРус, 2016. - 304 с.

ИСЛАМНЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНЕ ӘСЕРІ

Құрманғали Гүлнара Қанатқызы¹
guka_1979@mail.ru

Орта ғасырда өмір сүрген түркі халықтары әдеби мұралар мен көне жазу ескерткіштеріне өте бай. Оларды қазақшаға аударып, ғылыми тұрғыдан зерттеуде орыс, өзбек, қазақ ғалымдары көп еңбек сіңіріп келеді. Сол ғасырда жазылған туындылар кейінгі ұрпаққа танымдық, насихаттық сипаттарымен таусылмас рухани байлық болуымен қатар, жалпы әдебиетіміздің де ортақ асыл жауһарлары екені даусыз.

Қазақ әдебиеттану ғылымын зерттеуде Әуезовтің өзіндік орны бар. Әдебиет тарихы бойынша қарастырмаған кезеңдері жоқ. Сонау көне замандағы әдебиеттен бастап, өз тұсындағы көркем шығармалар жайында зерттеулер жасаған. Демек, Мұхтар Әуезов есімі қазақ әдебиетімен бірге мәңгілік жасайды. Отарлау саясатының құрсауы кезінде зерттеуге тиым салған ежелгі жәдігерлер туралы ұтымды пікірлер білдірген. Түрік халықтарына ортақ көне жазба мұраларды арнайы, жан-жақты толық зерттемесе де, олардың мазмұны мен түр-құрылысы жайында аз да болса айтып өтеді.

М.Әуезов Орхон-Енисей тас жазбаларын «Манас» жырымен салыстырып қарастырады. Орхон-Енисей ескерткіштері мен «Манас» эпосының оқиғаларынан бірқатар ұқсастық табады. Бұл екі жырда да әдет-ғұрып жырларының үлгілері кездеседі (жоқтау, қоштасу, естірту). Мысалы, Көкетай мен Манастың өлер алдында елмен қоштасуы, олар өлген соң айтылған жоқтаулары осыған дәлел. Тастағы жазуларда Күлтегінді жоқтау өте тамаша көрсетіледі. Халықтың баға жетпес мұралары – «Манас» жырында Көкетай мен Манас, Орхон-Енисейдегі Тоныкөктің мінген тұлпарларын танытуда, ерліктерін баяндауда ұқсастықтар бар. Екеуі де қарапайым халық қиналғанда ақылшы, данышпан ел ағасы болған. Өз еңбегінде М.Әуезов осынау екі ұлы тарихи шығарманың ерлік жорықтарын баяндайтын тұстарында ұқсастық бар екенін айтады[1,17]. Міне, «Манас» пен Орхон ескерткіштерінің оқиға желісіндегі ортақтарды зерттеуші осылай көрсете білген. Сол замандардағы тасқа жазылған жазулар мен халық арасында кең тараған жырлар арман-қиялдың емес, тарихи оқиғалардың жемісі дейді. Ежелгі дәуірдегі кейбір тарихи жағдайларға осындай көне ескерткіштер арқылы қаныға алатынын айқын аңғартады.

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Шығыстану кафедрасының доцент м.а., филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан.

Тасқа жазылған ескерткіштерден бастау алатын осындай інжу-маржандардың көркейіп, қанат жаюы Қарахан дәуіріне тұспа-тұс келеді. Сол тұста түркі тайпаларының даңқы алысқа жайылды, ел басқаруда үлкен өзгерістер байқалды.

Ғалым И.Стеблева: «Қарахан мемлекеті құрылғаннан кейін көп ұзамай ол мәдениет пен әдебиеттің дамуын қолдайтын билеушілері бар жеке елге бөлінді» [2,17], – деп осы кезеңде ғылым мен мәдениеттің жанданып, әдебиеттің кемелдене түсуіне тіпті басшылардың да қызығушылығы болғанын ерекше атап көрсетеді.

Бізге жеткен әдеби мұраларға қарап отырып, қазақ халқы сауатсыз болған деген пікірге қарсы дау айта аламыз. Егер біздің халықта жазу-сызу болмаса, онда танымдық, насихаттық сипаттарымен таусылмас рухани байлыққа айналған бұл шығармалар қайдан пайда болады? А.Байтұрсынов осы мәселеге байланысты былай деп уәж айтады: «Жазу-сызу жоқ жұртта көсем сөзді шығармалар болмайды, себебі, жазу-сызу жоқ жұртта өнер-ғылым болмайды» [3,272]. Ғалымның бұл пікіріне сүйене отырып, шынымен де өткен тарихымызда әдебиет болмаған болса, онда бізге жеткен бүкіл түркі жұртына ортақ көркем шығармалар қайда қоямыз?! Сондықтан да қазақ әдебиетінің тамыры сонау тереңнен басталады деп сенімді түрде айта аламыз.

Орта ғасыр ақындарының жазған баға жетпес туындылары танымдық және насихаттық сипаттарымен таусылмас байлыққа айналды. Көк Тәңірге, күнге, отқа табынған түркі халықтарының өмірінде жаңа сенім-наным пайда болды. Бұл тұста түркі даласына тараған жаңа дін рухани жағынан әлсіреген халыққа өте қажет еді. Түркі даласына тараған дін көркем шығармалар арқылы адамзатты рухани тазалыққа шақырды [4,5]. Яғни, оған ең соңғы хақ дін – Ислам діні апарады деп сенді. Осы дінді түсіндіруде, оны насихаттауда ақындардың елеулі үлес қосқанын олардың жазған шығармаларынан көреміз. Қарапайым халықтың санасына араб тілінде түскен бұл дінді сіңдіру, үгіт-насихатты қарапайым сөзбен түсіндіру өте қиын еді. Себебі, сырлы сөз, әсем тілге үйір ортаға құрғақ үгітпен ештеме жеткізе алмаған. Бұл туралы М.Әуезов былай дейді: «Қазақ арасына ісләм дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет арқылы жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тыңдамаған да, ұқпаған, ықылас қоймайтын болған. Сондықтан мұсылманшылық діні де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген» [5,49]. Дүниеге шыр етіп келгеннен өлеңмен тербеліп, ақтық сапарға жоқтау өлеңімен шығарып салатын қазақ халқының болмысы өлеңмен байланысты. Сондықтан жат тілдегі дінді ел арасына толықтай енгізіп, таратып жіберуге ақындардың үлес салмағы мол болған. Қашанда тобықтай сөздің түйінін бір ауыз сөзге сыйдырған, сөзге ден қойған қарапайым халық бөтен дінді таратушыларды емес, өз жанынан шыққан ақындарды тыңдап, солардың артынан ерген. Бұл туралы А.Байтұрсынов былай деген: «Қазақтың өлеңді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған» [3,316]. Сондықтан да, қазақтың өлең-жырды сүйетінін біліп, исламның дін өкілдері де ең алдымен ақындарға үміт артқан болуы мүмкін.

Міне, Әуезов орта ғасыр поэзиясы туралы да ұтымды пікір білдіреді. Ислами әдебиеттің негізі қай уақытта салынғанын ашып айтпаса да, жаңа белеске көтерілгенін суреткер-ғалым атап өтеді: «Қазақтың әдебиет жолы мен ақыл-білім өсу жолындағы ескі тарихын білемін деген кісі мұсылманшылықтың қараңғы пердесі жауып тұрған мезгілге тіреледі. Мұсылманшылыққа ауысқан соң, қазақ биік белден асып кеткендей болды» [5,19].

Орта ғасыр шығармаларында мұсылман дінінің қағида-шарттарын терең талдап баяндамаса да, олар халыққа білім-ғылым, тәлім-тәрбиенің қажеттігін түсіндіруге белсене ат салысты. Сонымен, X-XII ғасырларда қыпшақ даласына арабтардың дін таратуға келуі өзімен

бірге өмірге жаңа леп әкелді. Яғни, әдебиетте жаңаша өзгерістер пайда бола бастады. Демек, VIII ғасырда пайда болған ислам діні ғылымның бар саласына өз әсерін тигізді. Қарахан әулеті билеген кезеңге тұспа-тұс келетін уақытта мұсылман мәдениетін халық арасына таратуда түркі халықтары да өз үлестерін қосты. Ғылым, білім, мәдениеттің барлығы дінмен біте қайнасып жатқан әдебиеттің жаңа ағымдары пайда болды. Сыршыл ақындар толғаныстарында терең мағына, философиялық-дидактикалық ойлар бой көрсетті. Бұл салада толғау мәні сол заманның жаңалығы болып есептеледі. Мысалға алатын болсақ, XII ғасырдың аяғы XIII ғасырдың басын да өмір сүрген түркі ақыны Ахмет Йүгнеки өз шығармасы «Ақиқат сыйында» күнделікті өмірде кездесетін түсінік-танымдарды мұсылман дінінің қағида-шарттарымен астастыра талдайды. Ақын араб тіліндегі Құран-Кәрімнің негізгі ой-тұжырымдарын түркі халықтарына түсінікті, көркем әрі бейнелі өлең жолдарымен жеткізуді мақсат етті. Сол арқылы ол мұсылман дінінде бар мәселелерді, атап айтар болсақ, адам баласын адамгершілік пен ізгілікке, имандылыққа үндеу, рухани тазалыққа шақыру, қалай өрнектесе де мазмұны мен ой-тұжырымы бұрмалана қоймады.

Бүгінгі таңда әдебиет тарихындағы үлкен бір кезең Алтын Орда тұсындағы түркі әдебиеті туралы да ғұлама ғалымның зерттеулерінде салиқалы ой-пікірлері кездеседі.

XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда мемлекетінің гүлденіп, ғылым мен мәдениет жанданып, әдебиет те кемелдене түскенін тарихи деректер растайды. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің ауқымы кең. Сонау Түркі қағанаты, бертінде Қарахан мемлекеті тұсында өмір сүрген Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Ахмет Йүгнеки, Ахмет Иасауи сынды ақындардан бастау алатын көркем әдебиет XIII-XIV ғасырларда басқа қырынан дамып, кемелдене түсті. Бұл дәуірлерде жазылған әдеби жәдігерлерді А.Қыраубаева екі түрлі бағытта дамыған дейді: «Бұл дәуірдегі көркем әдебиет, негізінен екі түрлі. Біріншісі, аударма-нәзіралық шығармалар: Құтбаның «Хұсрау уа Шырын», Сәйф Сараидың «Гүлстан», Әлидің «Қисса Жүсібі», Рабғұзидың «Қисас-и Рабғұзи» кітабы, Махмуд бин Алидың «Неһджул Фарадис» («Жұмаққа апарар жол»), Хусам Катибтың «Жумжума» кітабы, тағы басқалар. Екіншісі – тыңтума әдебиет: «Махаббатнама» [6,15].

Алтын Орда дәуіріндегі түркі ақындары басқа халықтардың әдебиеті мен мәдениетін жақсы білуге тырысқан. Тұрмыс-тіршіліктеріне жақын келетін шығармаларды ана тілінде қайта жырлап, тіпті өз пайымдауларына лайықтап асыра жазады. XIII-XIV ғасырларда өмір сүрген дарын иелері Әли, Құтб, Сайф Сараи осы бағытты ұстанған ақындар. Олар түркі тілін жақсы білгендерімен қатар, араб-парсы тілдеріндегі әдеби үлгілерді де толықтай меңгергені анық. Шығыс дүниесінде кең тараған бір ақынның жазғанын екінші бірінің қайта жаңғыртып жырлауы түркі ақындарын да соқпай өтпеді. «Нәзира дәстүрі» деп аталатын бұл дәстүр бойынша тақырып өзгермейді. Алдыңғы шығарманың сөзін толықтай аударылмай, жырланып отырған оқиға желісін ғана негізге ала отырып жазады. Кейде кейбір жерлерін ғана өзгертеді, басқаша жырлап, тың дүниелерді қосып отырады. Бұл туралы атақты ғалым М.Әуезов былай деген: «Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір шығыс ақыны қайталап, әңгіме ететін, тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді... Әр тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Бұл салтты заңды деп біліп, осы дәуірде «Нәзира», «Назирагөйлік» деп атау да берген» [7, 150]. Бұл дәуірде жазылған көркем шығармалардың бірі аударма, енді бірі нәзираға жақындау. Кейбір ақындар өз туындыларының бір бөлігін шығыс шайырларынан аударумен қатар, нәзіралық үлгіні де қолданғанын ғалым пікірінен айқын аңғаруға болады.

Қорыта келгенде айтарымыз, атақты ғалым М.Әуезов бастаған бірқатар ғалымдардың тек XIX-XX ғасыр әдебиетін ғана емес, сонымен қатар көне дәуір көркем шығармаларымен

жете таныс болып, ол туралы айтқан құнды пікірлері бүгінгі осы кезенді зерттеуші ғалымдар үшін өте құнды еңбектер саналады. Ғалымдардың ежелгі әдебиет туралы айтқан ой-тұжырымдары бүгінгі әдебиеттанушыларға шамшырақ болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Кіріспе // Манас – қырғыздың батырлық эпосы. 4 томдық. 1-том. Алматы, 1961.
2. Стеблева И. Древняя поэзия // Поэзия древних тюрков VI-XII веков. Москва: Раритет, 1993.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. I том. Алматы: Алаш, 2003.
4. Средневековая татарская литература VIII-XVIII в.в. Казань: Фэн, 1999.
5. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. 16-том. Алматы: Жазушы, 1985.
6. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. Алматы: Мектеп, 1988.
7. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. -бет.

THE LIFE AND SCIENTIFIC HERITAGE OF ABUL BARAKAT NASAFI

Ahmedov Sayqal,¹
Ahmedov1981s@gmail.com

Abstract. Abul Barakat Nasafi, one of the great scholars who came from Nasaf, an outstanding Hanafi scholar, Quran interpreter and Maturid theologian, had deep knowledge in the field of tafsir, aqida and fiqh. For his contribution to Islamic sciences, he was awarded the honorary title of "Hafiz ad-Din" (Protector of Religion). In the books of biographers, it was mentioned that he was distinguished by seniority, progress, the ability to distinguish between strong and weak, and he was wary of transmitting rejected sayings and weak narratives in his books. He was known for righteousness, humility, asceticism, generosity, knowledge, open-mindedness, eloquence and fluency, love for the poor and students and favor to them.

Keyword: scholar, jurisprudence, library, scholar, science.

Аннотация. Насафтан шыққан ұлы ғұламалардың бірі, көрнекті ханафи ғұламасы, құран тәпсіршісі, матурид теологы Әбіл Баракат Насафи тәпсір, ақида, фиқһ салаларында терең білім алған. Ислам ғылымына қосқан үлесі үшін оған «Хафиз ад-Дин» (Дін қорғаушы) құрметті атағы берілді. Өмірбаяншылардың кітаптарында оның үлкендігімен, ілгерілеушілігімен, күшті мен әлсізді айыра білуімен ерекшеленетіні және кітаптарында теріске шығарылған сөздер мен әлсіз әңгімелерді жеткізуден сақ болғаны айтылған. Ол әділдігімен, кішіпейілділігімен, аскетизмімен, жомарттығымен, білімділігімен, көзі ашық, шешендігімен және шешендігімен, кедей-кепшік пен шәкіртке деген сүйіспеншілігімен, оларға мейірбандығымен ерекшеленді.

¹ Doctoral student of IRCICA Chair "Islamic history and source studies", International Islamic Academy of Uzbekistan, Tashkent, Uzbekistan.